

"Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 168/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 14 тамыздағы № 486/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 18 тамызда № 39611 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 168/НҚ "Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20563 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдарды (бұдан әрі – РЭҚ) және жоғары жиілікті құрылғыларды (бұдан әрі – ЖЖҚ) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына

лицензия беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ және ЖЖҚ-ны Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру тәртібін айқындайды.

Азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ пен ЖЖҚ-ны Қазақстан Республикасының аумағына әкелу "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне (бұдан әрі – ЕЭК шешімі) сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың әрекеті жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) таралады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ және ЖЖҚ-ны Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті (бұдан әрі – қызмет беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамалары, нысаны, мазмұны мен нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) көрсетілген.

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қорытынды және лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде Тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттарды жібереді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің, оның лауазымды адамдарының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, жоғары тұрған мемлекеттік органға, мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген қызметті беруші атына келіп түскен шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілген қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетуді мониторингтеудің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметті мемлекеттік рұқсаттар мен хабарламалардың цифрлық жүйесі арқылы көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатылары туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсетуді мониторингтеудің цифрлық жүйесіне автоматты түрде түседі.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын,

6-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын".

2. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы

мәліметтерді Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі

Ж. Мадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 14 тамыздағы
№ 486/НҚ Бұйрыққа
1-қосымша
"Импорттан өзгеше
жағдайларда, азаматтық
мақсаттағы, оның ішінде
басқа тауарлардың құрамына
кіріктірілген не кіретін
радиоэлектрондық құралдар
мен жоғары жиілікті
құрылғыларды
Қазақстан Республикасының
аумағына әкелуге
қорытындылар және (немесе)
олардың импортына
лицензия беру" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті		Комитет телекоммуникаций Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития Республики Казахстан
---	---	--

Азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың импортына лицензия

--	--

1. Лицензия №	3. Қолданылу кезеңі КК.АА.ЖЖЖЖ бастап КК.АА.ЖЖЖЖ дейін	
3. Лицензия түрі/импорт	4. Келісімшарт №	
5. Өтініш беруші	6. Сатушы	
7. Жөнелту елі	8. Сатушы елі	
9. Келісімшарт валютасы	10. Құны	11. Статистикалық құны
12. Шығарылған елі	13. Саны	14. Өлшем бірлігі
15. КО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы		
16. Қосымша ақпарат		
17. Лицензия беру үшін негіздеме	18. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Лауазымы Телефон Қолы күні	

Азаматтық мақсаттағы
радиоэлектрондық және
жоғары жиілікті құрылғыларды,
оның ішінде басқа тауарлардың
құрамына кіріктірілген не
кіретін тауарлардың импортына
лицензияға қосымша

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті			
№ _____ лицензияға қосымша _____			
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
Парақтардың барлығы Парақ №		саны	өлшем бірлігі
		құны	
Парақтардың барлығы Парақ №		18. Уәкілетті тұлға Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) Лауазымы Қолы және мөрі (бар болған жағдайда) Күні _____	

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект
және цифрлық даму министрі
2026 жылғы 14 тамыздағы
№ 486/НҚ Бұйрыққа

2-қосымша
 "Импорттан өзгеше
 жағдайларда, азаматтық
 мақсаттағы, оның ішінде
 басқа тауарлардың құрамына
 кіріктірілген не кіретін
 радиоэлектрондық құралдар
 мен жоғары жиілікті
 құрылғыларды
 Қазақстан Республикасының
 аумағына әкелуге
 қорытындылар және (немесе)
 олардың импортына
 лицензия беру" мемлекеттік
 қызметін көрсету қағидаларына
 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті		Комитет телекоммуникаций Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития Республики Казахстан
---	---	--

Үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды уақытша әкелуге, әкетуге және транзиттеуге қорытынды (рұқсат беретін құжат)

№ ____ / ____ 20__ / ____

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің
Телекоммуникациялар комитеті (Қорытындыны берген Кеден одағына мүше
мемлекеттің мемлекеттік билік органының атауы)

Берілді _____

(Ұйымның атауы, заңды мекенжайы, елі /жеке тұлғалар үшін тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болған жағдайда)

Орын ауыстыру түрі _____

(Орын ауыстыру түрі)

 (Тауарлардың бірыңғай тізбесінің бөлімі) (КО СЭҚ ТН коды *)

Тауардың атауы	Саны	Өлшем бірлігі
----------------	------	---------------

Алушы/жөнелтуші _____

 (Атауы, заңды мекенжайы, елі)

Межелі/жөнелту елі _____

Әкелу (әкету) мақсаты _____
 Уақытша әкелу (әкету) мерзімі _____
 Негіздемесі _____
 Қосымша ақпарат _____
 Транзит елі _____
 (Аумақ бойынша транзит)
 Қолы _____ Күні _____
 Қорытынды " ____ " ____ жыл бойынша жарамды
 Басшы _____
 Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), қолы
 Ескертпе:
 ТН КО СЭҚ – сыртқы экономикалық қызмет номенклатурасының тауары.

Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің
 орынбасары –
 Жасанды интеллект және
 цифрлық даму министрі
 2026 жылғы 14 тамыздағы
 № 486/НҚ Бұйрыққа
 3-қосымша
 "Импорттан өзгеше
 жағдайларда, азаматтық
 мақсаттағы, оның ішінде басқа
 тауарлардың құрамына
 кіріктірілген не кіретін
 радиоэлектрондық құралдар мен
 жоғары жиілікті құрылғыларды
 Қазақстан Республикасының
 аумағына әкелуге
 қорытындылар және (немесе)
 олардың импортына лицензия
 беру" мемлекеттік қызметін
 көрсету қағидаларына
 4-қосымша

"Импорттан өзгеше жағдайларда азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар беру және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Импорттан өзгеше жағдайларда азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар беру және (немесе) олардың импортына лицензия беру

2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде ішіне салынған не құрамына кіретін басқа да тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытынды беру. Азаматтық мақсаттағы, оның ішінде ішіне салынған не басқа тауарлардың құрамына кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың импортына лицензия беру. Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде импорттан өзгеше жағдайларда ішіне салынған не құрамына кіретін басқа да тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытынды беру немесе олардың импортына лицензия беру.
3.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін (қол жеткізу арналары) көрсету тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
5.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде ішіне салынған не құрамына кіретін басқа да тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытынды беру көрсету мерзімі - 8 (сегіз) жұмыс күні. Азаматтық мақсаттағы, оның ішінде ішіне салынған не басқа тауарлардың құрамына кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың импортына лицензия беру көрсету мерзімі - 8 (сегіз) жұмыс күні.

		Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде импорттан өзгеше жағдайларда ішіне салынған не құрамына кіретін басқа да тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытынды беру немесе олардың импортына лицензия беру көрсету мерзімі - 8 (сегіз) жұмыс күні.
6.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін көрсету нысаны	Электрондық (жартылай цифрландырған)
7.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін көрсету нәтижесі	осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ және ЖЖҚ импортына лицензия; осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды уақытша әкелуге, әкетуге және транзиттеуге қорытынды (рұқсат беру құжаты); мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін	Азаматтық мақсаттағы РЭҚ және ЖЖҚ импортына лицензия беру кезінде – 10 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК). Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады. Мемлекеттік

8.	(бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұраныс беру портал арқылы берілген жағдайда, төлем "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды уақытша әкелуге, әкетуге және транзиттеуге қорытынды (рұқсат беру құжаты) беру ақысыз негізде тегін жүзеге асырылады.
9.	Көрсетілетін қызметті берушінің, ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Еңбек Кодексіне сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында: www.gov.egov.kz/memleketikentitiemdai, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде; 2) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталында орналастырылған.
		лицензия алу үшін: осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес лицензия алуға өтініш; осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық

10.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	экономика министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 67 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11074 болып тіркелген) тауарлардың экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарында (бұдан әрі – біліктілік талаптары) көрсетілген және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар. қорытындыны беру үшін: осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес қорытынды беруге өтініш, ол үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және транзитіне қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысаны бойынша және оны толтыру жөніндегі ЕЭК-тің 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген әдістемелік нұсқаулар бойынша толтырылады; осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкелінетін РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ туралы ақпарат.
11.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін	1) Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілетін қызметті алушының осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған; 2) лицензиялық алым енгізілмеген ; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда; 4) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;

	(бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	5) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарға сай келмеуі; 6) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарда және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) толық емес немесе дұрыс емес мәліметтердің болуының анықталуы. Лицензия алу алу үшін және (немесе) қорытынды беруге өтініштерді қабылдаудан бас тарту, тиісті ескертулер түзетілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алуы үшін қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.
12.	Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің: www. gov. egov. kz/ mem leke t/ ent itie s/ mdai интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 14 тамыздағы

№ 486/НҚ Бұйрыққа
4-қосымша
"Импорттан өзгеше
жағдайларда, азаматтық
мақсаттағы, оның ішінде басқа
тауарлардың құрамына
кіріктірілген не кіретін
радиоэлектрондық құралдар мен
жоғары жиілікті құрылғыларды
Қазақстан Республикасының
аумағына әкелуге
қорытындылар және (немесе)
олардың импортына лицензия
беру" мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
6-қосымша

**Азаматтық мақсаттағы РЭҚ және ЖЖҚ, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына
кіріктірілген не кіретін тауарлардың импортына лицензия алуға өтініш**

1. Өтініш №	3. Қолданылу кезеңі КК.АА.ЖЖЖЖ бастап КК.АА.ЖЖЖЖ		
3. Лицензия түрі/импорт	4. Келісімшарт № күні		
5. Өтініш беруші	6. Сатушы		
7. Жөнелту елі	8. Сатушы елі		
9. Келісімшарт валютасы	10. Құны	11. Статистикалық құны	
12. Шығарылған елі	13. Саны	14. Өлшем бірлігі	
15. КО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы			
16. Қосымша ақпарат			
17. Лицензия беру үшін негіздеме	18. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) Лауазымы Телефон Қолы және мөрі _____ Күні _____		

Азаматтық мақсаттағы, оның
ішінде басқа тауарлардың
құрамына кіріктірілген не
кіретін радиоэлектрондық
құралдар мен жоғары жиілікті
құрылғылардың импортына
өтінішке қосымша

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті			
№ _____ лицензияға қосымша _____			
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны құны	өлшем бірлігі
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны құны	өлшем бірлігі
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны құны	өлшем бірлігі
		саны	

P/c №	Тауардың сипаттамасы	құны	өлшем бірлігі
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
Парақтардың барлығы Парақ №		саны	өлшем бірлігі
		құны	
Парақтардың барлығы Парақ №		18. Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) Лауазымы Қолы және мөрі _____ Күні _____	

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 14 тамыздағы
№ 486/НҚ Бұйрыққа
5-қосымша
"Импорттан өзгеше
жағдайларда, азаматтық
мақсаттағы, оның ішінде басқа
тауарлардың құрамына
кіріктірілген не кіретін
радиоэлектрондық құралдар мен
жоғары жиілікті құрылғыларды
Қазақстан Республикасының
аумағына әкелуге
қорытындылар және (немесе)
олардың импортына лицензия
беру" мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
8-қосымша

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің
Телекоммуникациялар комитетіне

Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа
тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ және ЖЖҚ Қазақстан
Республикасының аумағына әкелуге қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруге өтініш

№ ____/____ 20__/____

Орын ауыстыру түрі _____
(Орын ауыстыру түрі)

(Тауарлардың бірыңғай тізбесінің бөлімі) (КО СЭҚ ТН коды *)

Тауардың атауы	Саны	Өлшем бірлігі
----------------	------	---------------

Алушы/жөнелту _____

(Атауы, заңды мекенжайы, елі)

Межелі/жөнелту елі _____

Әкелу (әкету) мақсаты _____

Уақытша әкелу (әкету) мерзімі _____

Негіздемесі _____

Қосымша ақпарат _____

Транзит елі _____

(Аумақ бойынша транзит)

Қолы _____ Күні _____

Қорытынды " ____ " _____ жыл бойынша жарамды

(тегі, аты, әкесінің аты (лауазымы)

(болған кезде)

Ескертпе:

КО СЭҚ ТН-Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметі номенклатурасының тауары.